



**2021-2022 оқу жылын аяқтау және
орта білім беру ұйымдарында білім
алушыларды қорытынды аттестаттаудан
өткізу мерзімдерін бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрлігінің 2022 жылғы 20 сәуірдегі №159 және БҚО білім басқармасының 2022 жылғы 3 мамырдағы №366 «2021-2022 оқу жылын аяқтау және орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу мерзімдерін бекіту туралы» бұйрықтарына сәйкес орта білім беру ұйымдарында 2021-2022 оқу жылын ұйымдасқан түрде аяқтау мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Оқу жылын аяқтаудың мынадай мерзімдері бекітілсін:
 - 1) Меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан орта білім беру ұйымдарында оқу сабақтарының аяқталуы – 2022 жылғы 25 мамыр;
 - 2) 9 (10) сынып білім алушыларының қорытынды бітіру емтихандары – 2022 жылғы 28 мамыр – 6 маусым аралығында;
 - 3) 11 (12) сынып білім алушыларының мемлекеттік бітіру емтихандары – 2022 жылғы 27 мамыр – 10 маусым аралығында.
2. Қорытынды аттестаттау өткізудің мынадай мерзімдері бекітілсін:
 - 9 (10) сынып білім алушылары үшін санитарлық талаптарды сақтай отырып:
 - 1) Қазақ/орыс (оқыту тілі) бойынша эссе нысанында жазбаша емтихан, гуманитарлық цикл пәндерін тереңдетіп оқытатын мектептер үшін жазбаша жұмыс (мақала, әңгіме, эссе) – 2022 жылғы 28 мамыр;
 - 2) Математика (алгебра) бойынша жазбаша емтихан (бақылау жұмысы) – 2022 жылғы 31 мамыр;
 - 3) Орыс тілінде оқытатын сыныптардағы қазақ тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан (мәтінмен жұмыс, мәтін бойынша тапсырмаларды орындау) және қазақ тілінде оқытатын сыныптардағы орыс тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан (мәтінмен жұмыс, мәтін бойынша тапсырмаларды орындау) – 2022 жылғы 3 маусым;

4) Таңдау пәні (Физика, Химия, Биология, География, Геометрия, Қазақстан тарихы, Дүниежүзі тарихы, Әдебиет (оқыту тілі бойынша), Шет тілі (ағылшын/француз/неміс), Информатика) бойынша жазбаша емтихан – 2022 жылғы 6 маусым;

11 (12) сынып білім алушылары үшін санитарлық талаптарды сақтай отырып:

1) алгебра және анализ бастамаларынан жазбаша емтихан – 2022 жылғы 27 мамыр;

2) қазақ/орыс (оқыту тілі) бойынша жазбаша емтихан - 2022 жылғы 30 мамыр;

3) Қазақстан тарихынан ауызша емтихан – 2022 жылғы 2 маусым;

4) орыс тілінде оқытатын мектептерде қазақ тілі және әдебиетінен және қазақ тілінде оқытатын мектептерде орыс тілі және әдебиетінен жазбаша емтихан – 2022 жылғы 7 маусым;

5) таңдау пәні (Физика, Химия, Биология, География, Геометрия, Дүниежүзі тарихы, Құқық негіздері, Әдебиет (оқыту тілі бойынша), Шет тілі (ағылшын/француз/неміс), Информатика) бойынша жазбаша емтихан – 2022 жылғы 10 маусым.

3. Білім алушыларды қайта қорытынды аттестаттау санитарлық талаптарды сақтай отырып, орта білім беру ұйымдары айқындаған мерзімде өткізіледі.

4. Мектеп секторы (Б.Бактыгерееваға):

1) білім беру ұйымдары «Орта техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қортынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығының, осы бұйрықтың талаптарына сәйкес 2021-2022 оқу жылын аяқтауды қамтамасыз етсін;

2) білім сапасын арттыру және пандемия, шектеу шаралары кезеңінде жіберілген білім олқылықтарының орнын толтыру мақсатында 1-8, 10-сыныптарда білім алушылар үшін оқыту 2022 жылғы 26 мамырдан бастап 17 маусым аралығында Жазғы мектепте ұйымдастырылсын.

3) білім беру ұйымдарына 11 (12) сыныптар мен 9 (10) сынып білім алушылары үшін емтихан тапсырмаларын 2022 жылғы 25 мамырға дейін жеткізсін;

4) Осы бұйрықты мектеп басшыларының назарына жеткізсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау бөлім басшысының орынбасары А.Даумоваға жүктелсін.

Бөлім басшысы

А.Темирханова